

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2005 жылғы 14 қазандағы № 122 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 30 қарашадағы N 109 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 8 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6040 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 263 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2015 № 263 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, сондай-ақ «Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдерінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес келтіру және Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 14 қазандағы № 122 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3940 тіркелген, 2006 жылғы 19 мамырда «Заң газеті» газетінің № 89-90 (896) жарияланған) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын резидент еместердің валюта операцияларының мониторингін жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) және 4-2) тармақшаларымен толықтырылсын :

«4-1) бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) – заңды тұлғаға (филиал мен өкілдікке) және бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын дара кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

4-2) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) – жеке тұлға, оның ішінде дара кәсіпкерлік түрінде қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;»;

1-қосымшаның А бөлігі мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын :

«1-1. БСН (бар болса)_____»;

2-қосымша осы қаулының қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын;

3 - қ о с ы м ш а д а :

атауы «КҰЖЖ коды» деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын :

«_____»;

Б С Н (б а р б о л с а)

1 - б ө л і к т е :

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бөлік. Тауарларды сатып алу және сату»;

мынадай мазмұндағы 7-жолмен толықтырылсын:

«

7.	Тауарларды экспортқа өткізу	41	
----	-----------------------------	----	--

» ;

2 және 3-бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бөлік. Қызмет көрсетулерді орындау

мың АҚШ долларымен

№	Операцияны сипаттау	Қызмет көрсету түрінің коды	Тапсырыс беруші				Сомасы
			атауы	ел	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	
А	1	2	3	4	5	6	7
	Жиынтығы:						

3-бөлік. Қызмет көрсетулерді сатып алу

мың АҚШ долларымен

№	Операцияны сипаттау	Қызмет көрсету түрінің коды	Жеткізуші				Сомасы
			атауы	ел	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	
А	1	2	3	4	5	6	7

	Жиынтығы:						

» ;

қосымшаны толтыру жөніндегі нұсқаудың он төртінші, он бесінші және он алтыншы абзацтары алынып тасталсын;

4 - қ о с ы м ш а д а :

атауы «КҰЖЖ коды» деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын :

«_____»;

Б С Н (б а р б о л с а)

17-тармақта, 221-жолдың коды, «Х» белгілері алынып тасталсын;

18-тармақта, 222-жолдың коды, «Х» белгілері алынып тасталсын;

21-тармақта, 224-жолдың коды:

«сатып алудан» деген сөздерден кейін «(сатудан)» деген сөзбен толықтырылсын ;

«Х» белгісі алынып тасталсын;

39-тармақта, 262-жолдың коды, «Х» белгілері алынып тасталсын;

42-тармақта, 264-жолдың коды:

«сатып алуға» деген сөздерден кейін «(сатуға)» деген сөзбен толықтырылсын;

«Х» белгілері алынып тасталсын;

5 және 6-қосымшалардың атаулары «КҰЖЖ коды» деген сөздерден кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«_____».

Б С Н (б а р б о л с а)

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

3. Төлем балансы және валюталық реттеу департаменті (Дюгай Н.Н.):

1) Заң департаментімен (Өртембаев А.Қ.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ а б ы л д а с ы н ;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне және аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаменті (Терентьев А.Л.) Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінен жариялауға өтінім алған күннен бастап үш күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға

ш а р а л а р

қ а б ы л д а с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Д.Т. Ақышевқа жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к
Төрағасы Г. Марченко

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Индустрия және сауда министрлігі
Министр Ә. Исекешев
2010 жылғы 15 қаңтар

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
Министр Б. Жәмішев
2009 жылғы 25 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Статистика жөніндегі агенттігі
Төраға Ә. Смайылов
2009 жылғы 30 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрлігі
Министр Б. Сұлтанов
2009 жылғы 31 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Д І »
Қазақстан Республикасының
Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігі
Министр С. Мыңбаев
2009 жылғы 23 желтоқсан

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2009 жылғы 30 қарашадағы
№ 109 қаулысына қосымша
«Қазақстан Республикасының
аумағында қызметін жүзеге

**Қазақстан Республикасында бас компания филиалының (өкілдігінің)
қатысуымен жүзеге асырылатын жобалар туралы мәліметтер**

К У Ж Ж К О Д Ы

№	Объектінің атауы	Объект орналасқан жер	Тапсырыс беруші			Жоба қолданылатын мерзім	
			Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	басталған күні	аяқталған күні
A	1	2	3	4	5	6	7

№	Жұмыстың (қызмет көрсетудің) атауы	Жоба жүзеге асырылатын орын	Тапсырыс беруші			Жоба қолданылатын мерзім	
			Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)	басталған күні	аяқталған күні
А	1	2	3	4	5	6	7

№	Мердігер (қосалқы мердігер)			Мердігер (қосалқы мердігер) тіркелген ел	Мердігер (қосалқы мердігер) орындайтын қызмет көрсетудің (жұмыстың) атауы
	Атауы	СТН	БСН/ЖСН (бар болса)		
А	1	2	3	4	5

20 ЖЫЛҒЫ « » »

